

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің
«№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің
директоры **З.Ә.Құсайынова**



2023 жылы мемлекеттік бюджет қаражатынан

бөлінген қаржы есебі

1. «№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023 жылдағы жағдайы.

1.1. Оқушылар контингенті. 2023 жылдың қаңтар айында бекітілген тарификация бойынша 54 сынып комплектісі, 1214 оқушы болды. Оның ішінде: МАД топтары – 4 топ, 78 оқушы; 1-4 сыныптар бойынша 22 сынып комплектісі, 526 оқушы; 5-9 сыныптар бойынша 25 сынып комплектісі, 553 оқушы; 10-11 сыныптар бойынша 3 сынып комплектісі, 57 оқушы болды. 92 педагог, 44 кіші қызметкерлер тарифтік тізімге енгізілді.

2023 жылдың қыркүйек айында жаңа 2023/2024 оқу жылына жасақталған тарификация кестесіне сәйкес, №22 жалпы білім беретін мектепте 50 сынып комплектісі, 1201 оқушы болды. 2023 жылдың желтоқсан айындағы мәліметтер бойынша, МАД топтарында 3 топ, 62 оқушы; 1-4 сыныптарда 21 сынып комплектісі, 525 оқушы; 5-9 сыныптарда 24 сынып комплектісі, 575 оқушы; 10-сыныпта 2 сынып комплектісі, 39 оқушы білім алуда.

1.2. Сапалық құрамы. 2023 жылдың қаңтар айында 92 мұғалім, оның жоғары білімді, арнаулы орта білімді. Біліктілік санаты бойынша педагог-шебер – 1 мұғалім, педагог-зерттеуші – 10 мұғалім, педагог-сарапшы – 13 мұғалім, педагог-модератор – 27 мұғалім болды. 2023 жылдың желтоқсан айындағы педагог кадрлардың құрамына тоқталатын болсақ, барлығы 102 мұғалім, оның жоғары білімді, арнаулы орта білімді. Біліктілік санаты бойынша педагог-шебер – 1 мұғалім, педагог-зерттеуші – 10 мұғалім, педагог-сарапшы – 13 мұғалім, педагог-модератор – 31 мұғалім. Кіші қызметкерлер саны қаңтар айында 44 болса, желтоқсан айында 46-ға жетті.

«Қызметкерлердің еңбек өтілімдерін санау және тарификация бекіту комиссиясын құру туралы» 01.09.2023ж күнгі №226-нқ бұйрығы негізінде барлық қызметкерлердің білімі, біліктілік санаты және еңбек өтілімдері есепке алынды.

2. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен бөлінген қаржының игерілуі.

2023 жылы «№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-не мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен 603 116 000 (алты жүз үш миллион бір жүз он алты мың) теңге көлемінде қаржы бөлінді.

Бөлінген қаражаттың жыл соңындағы жиынтық есебі төмендегідей:

- 1) Қызметкерлердің еңбекақысын төлеуге 440 489 400 (төрт жүз қырық миллион төрт жүз сексен тоғыз мың төрт жүз) теңге;
- 2) Қызмет көрсету бойынша төлемдерге 99 719 000 (тоқсан тоғыз миллион жеті жүз он тоғыз мың) теңге;
- 3) Мемлекеттік сатып алу бойынша құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуге 8 263 300 (сегіз миллион екі жүз алпыс үш мың үш жүз) теңге көлемінде;
- 4) Білім алушыларды ыстық тамақпен және аз қамтылған отбасылардың балаларына көмек беру бойынша 21 814 700 (жиырма бір миллион сегіз жүз он төрт мың жеті жүз) теңге;
- 5) Іссапар шығындары бойынша 3 346 100 (үш миллион үш жүз қырық алты мың бір жүз) теңге;
- 6) Қызметкерлерге сыйлықақы тағайындау бойынша 29 483 500 (жиырма тоғыз миллион төрт жүз сексен үш мың бес жүз) теңге көлемінде қаражат бөлінген.

2.1.Қызметкерлердің еңбекақысын төлеу.

2022/2023 оқу жылының қаңтар айында бекітілген тарификация және штаттық кестеге сәйкес, қызметкерлердің жыл бойы еңбекақысын төлеуге 440 489 400 (төрт жүз қырық миллион төрт жүз сексен тоғыз мың төрт жүз) теңге жұмсалды. Еңбекақы есебінен зейнетақы қорына – 40 522 093 (қырық миллион бес жүз жиырма екі мың тоқсан үш) теңге, ОСМС қызметіне – 18 797 038 (он жеті миллион жеті жүз тоқсан жеті мың отыз сегіз) теңге, міндетті әлеуметтік сақтандыру қорына – 12 069 935 (он екі миллион алпыс тоғыз мың тоғыз жүз отыз бес) теңге, «Аманат» партиясына – 30 329 (отыз мың үш жүз жиырма тоғыз) теңге, профсоюз – 2 774 972 (екі миллион жеті жүз жетпіс төрт мың тоғыз жүз жетпіс екі) теңге, газет-журналдарға тіркелуге – 305 996 (үш жүз бес мың тоғыз жүз тоқсан алты) теңге, подоходный салыққа – 27 979 278 (жиырма жеті миллион тоғыз жүз жетпіс тоғыз мың екі жүз жетпіс сегіз) теңге, компенсация төлемдері бойынша – 13 628 000 (он үш миллион алты жүз жиырма сегіз мың) теңге көлемінде қаражат жұмсалды.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында маман тапшылығына байланысты, вакант және уақытша бос жұмыс орындары есебінен 19 мұғалім қала мектептерінен келіп, қосалқы маман ретінде жұмыспен қамтылған.

Әр ай бойынша еңбекақы табелі жасақталып, ұжымға таныстырылып отырды және қызметкерлерге ай сайынғы еңбекақы бойынша жировка

ұсынылды. Әр айдың 25 жұлдызына дейін еңбекақы алған қызметкерлердің тізімі мектептің веб-сайтында жарияланды.

2.2.Қызмет көрсету бойынша төлемдер.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында «№22 жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі қызмет көрсету бойынша бірнеше мекемелермен келісім-шарт жасасты. Коммуналдық қызмет, интернет желісі, күзет, бейнебақылау және тағы басқа қызмет көрсету жұмыстары үшін мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен 99 719 000 (тоқсан тоғыз миллион жеті жүз он тоғыз мың) теңге көлемінде қаражат жұмсалды.

Коммуналдық қызмет көрсету бағытында

- Дезинфекция жұмыстары бойынша «Эко Клининг» ЖШС-мен;
- Сантехникалық қызмет бойынша ИП «Баспаев»;
- Вентиляциялық қызмет бойынша «Сан Эко» ЖШС-мен;
- Электрик қызметтері бойынша «Смарт Систем» ЖШС-мен келісім шарт жасалып, аталған қызметтер бойынша мемлекеттік бюджеттен 58 576 000 (елу сегіз миллион бес жүз жетпіс алты мың) теңге қаражат жұмсалды.

Байланыс, интернет қызметімен қамтамасыз ету бойынша «Ақтау Спец Монтаж» ЖШС-мен келісім-шарт жасалып, 1 194 000 (бір миллион бір жүз тоқсан төрт мың) теңге қаражат жұмсалды.

Әртүрлі қызмет көрсету бағытында

- Бейнебақылау және картриджерді толтыру бойынша «Хелпноу.кз» ЖШС-мен;
- Күзет бойынша «Сабен» ЖШС-мен;
- Өрт хабарлағышқа техникалық қызмет көрсету бойынша «СПБ Групп» ЖШС-мен;
- Өрт сөндіргіш құралдарға қызмет көрсету бойынша ИП «Насриддинов»;
- Лампаларды утилизациялау бойынша «Центр услуг Медина» ЖШС-мен;
- Медициналық қызмет көрсету бойынша «Узенмедикс» ЖШС-мен;
- Компьютерлерге техникалық қызмет көрсету бойынша ИП «Лекеров» мекемелерімен келісім-шарт жасалып, 39 949 000 (отыз тоғыз миллион тоғыз жүз қырық тоғыз мың) теңге қаражат жұмсалды.

3. Мемлекеттік сатып алу нысаны

Мемлекеттік сатып алу нысаны бойынша 2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында 8 263 300 (сегіз миллион екі жүз алпыс үш мың үш жүз) теңге қаражат жұмсалды. Мемлекеттік сатып алу нысаны бойынша өндірістік қажеттілікке орай, 2 бағытта тауарларды сатып алу жүргізілген.

- 1) **Жабдықтар сатып алу.** Бұл нысан бойынша 4 сплит-система, 2 брошировщик, 3 ламинатор, 4 түрлі-түсті принтер, 6 дербес компьютер, 2 микрофон тірегімен сатып алынды. Оған 3 343 000 (үш миллион үш жүз қырық үш мың) теңге қаражат жұмсалды.
- 2) **Өзге қорларды сатып алу.** Бұл нысанда спорттық инвентарь, шаруашылық және кеңсе тауарлары, т.б. құрал-жабдықтар сатып алынды. Оған мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен 4 920 300 (төрт миллион тоғыз жүз жиырма мың үш жүз) теңге көлемінде қаржы жұмсалды.
Сатып алынған құрал-жабдықтар толықтай қолданысқа енгізілді.

4. Білім алушыларды ыстық тамақпен қамту.

2023 жылы білім алушыларды қамту бойынша 21 814 700 (жиырма бір миллион сегіз жүз он төрт мың жеті жүз) теңге қаражат жұмсалды.

2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында 312 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Оның ішінде 124-і 1-сынып оқушылар болса, 188-і аз қамтылған отбасы балалары.
2023 жылдың қыркүйек-желтоқсан айларында 604 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Оның ішінде 1-сынып 130 оқушы, 2-сынып 127 оқушы, 3-сынып 149 оқушы, 4-сынып 119 оқушы және аз қамтылған отбасы бойынша 79 бала қамтылып отыр.
2023 жылы қыркүйек айында 229 балаға 40 000 (қырық мың) теңгеден көмек берілді.

5. Іссапар шығындары.

2023 жылы іссапар бойынша мемлекеттік бюджеттен 3 346 100 (үш миллион үш жүз қырық алты мың бір жүз) теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қызметкерлер біліктілік арттыру курстары, қысқа мерзімді курстар, облыс көлеміндегі семинарлар мен конференциялар, сараптау комиссиясына мүше болу, байқауларға қатысу, оқушыларды тасымалдау сияқты түрлі бағыттар бойынша іссапарға жіберілді. Қаңтар айында – 3 қызметкер, ақпанда – 9, наурызда – 6, сәуірде – 8, мамырда – 1,

маусымда – 3, шілдеде – 1, тамызда – 3, қыркүйекте – 6, қазан айында – 4 қызметкер іссапарда болып, төлемін алған.

Іссапарға кеткен қызметкерлерге тәулігіне – 2 МРП, пәтерақы – 4 МРП көлемінде іссапар төленді.

6. Қызметкерлерге сыйлықақы тағайындау.

Қазақстан Республикасының Үкіметінің **2001 жылғы 29 тамыздағы №1127** “Мемлекеттік бюджет қаржы есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстеме ақылар белгілеу ережесін бекіту туралы” және **2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193** “Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы” қаулысына сәйкес, қызметкерлерге сыйлықақы тағайындалды. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген қаржыдан үнемделген қаражат бойынша қызметкерлерге сыйлықақы беру ісі сыйлықақы тағайындау бойынша құрылған комиссия отырысында, содан соң ұжымда талқыланды. Ұжымның келісімімен, комиссия мүшелерінің шешімімен жыл соңында 16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні және Жаңа жыл мерекелеріне орай 29 483 500 (жиырма тоғыз миллион төрт жүз сексен үш мың бес жүз) теңге көлемінде сыйлықақы тағайындалды.

16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 13 807 500 (он үш миллион сегіз жүз жеті мың бес жүз) теңге, Жаңа жыл мерекесіне орай 15 676 000 (он бес миллион алты жүз жетпіс алты мың) теңге сыйлықақыға жұмсалды. 91 мұғалім, 48 қызметкер сыйлықақымен қамтылды.